

Орман қорын мемлекеттік есепке алуды жүргізу қағидаларын бекіту туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 27 тамыздағы № 1087 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 қазандағы
№ 870 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.10.2015 № 870 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2015 жылғы 27 ақпандағы № 18-02/163 бұйрығын қараңыз.

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 12-бабының 17-12) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі
Қ А У Л Ы **Е Т Е Д І :**

1. Қоса беріліп отырған Орман қорын мемлекеттік есепке алуды жүргізу
қағидалары бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) «Орман қорының мемлекеттік есебін жүргізу ережесін бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 26 қарашадағы № 1182
қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 44, 482-құжат);

2) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен
толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 1
қыркүйектегі № 1002 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің
кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 1-тармағының (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2011 ж., № 53, 746-құжат) күші жойылды
деп танылсын.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Премьер-Министрі *Қазақстан Республикасының*
К. Мәсімов
Қазақстан Республикасы
Үкіметінің

Орман қорын мемлекеттік есепке алуды жүргізу қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 шілдедегі Орман кодексінің 12-бабының 17-12) тармақшасына сәйкес әзірленді және орман қорын мемлекеттік есепке алуды жүргізу тәртібін айқындайды (бұдан әрі – **Қ а ғ и д а л а р**) .

2. Орман қорын мемлекеттік есепке алу (бұдан әрі – есепке алу) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен орман қорын күзетуді, қорғауды, ормандарды молықтыру мен орман өсіруді, орман пайдалануды, орман қорының сандық және сапалық өзгерістеріне жүйелі бақылау жасауды ұйымдастыру және мемлекеттік органдарды, мүдделі жеке және заңды тұлғаларды орман қоры туралы ақпаратпен қамтамасыз ету үшін жүргізіледі.

Ерекше қорғалатын орманды аумақтар мемлекеттік орман қоры құрамында жеке бөлінеді және ескеріледі.

Мемлекеттік табиғи қорықтардың, мемлекеттік ұлттық табиғи парктердің, мемлекеттік өңірлік табиғи парктердің және мемлекеттік табиғи резерваттардың шекараларында орналасқан мемлекеттік табиғат ескерткіштері солардың құрамында ескеріледі.

3. Ескерілетін көрсеткіштеріне байланысты есепке алу жыл сайынғы және кезеңдік есепке алу болып бөлінеді, олар есепті жылдан кейінгі жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша жүргізіледі.

4. Жыл сайынғы есепке алуды жүргізу кезінде аудандар, қалалар, облыстар және республика бойынша төменде көрсетілген деректер:

1) мемлекеттік орман қорының санаттары бойынша мемлекеттік орман қоры алқаптарының алаңдары (мемлекеттік орман иеленушілер бойынша);

2) жекеше орман қорының алаңдары (жекеше орман иеленушілер бойынша) ескеріледі.

5. Кезеңдік есепке алу бес жылда бір рет жүргізіледі.

Кезеңдік есепке алуды жүргізу кезінде басым ағаш және бұта тұқымдылары мен жас топтары бойынша сүрек қорларының бар-жоғы, орман шаруашылығын жүргізу және орман иеленушілер мен орман пайдаланушылардың шаруашылық қызметін бағалау үшін қажет орман қорының қорғалу және экономикалық сипаттамалары туралы жыл сайынғы есептің деректеріне қосымша деректер

е с к е р і л е д і .

6. Орман қорының алаңы 0,05 гектардан асатын (дөңгелектеп алғанда 0,1 гектарға дейін) барлық учаскелері есепке алынуға жатады. Орман қорын есепке алуды жүргізу жөніндегі құжаттамада мәліметтер тұтас гектарлар күйінде келтіріледі.

7. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

«1) орман қорын қорғау, күзету, пайдалану, ормандарды молықтыру және орман өсіру саласында басқару, бақылау және қадағалау функцияларын жүзеге асыратын уәкілетті органның ведомствосы - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігінің Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті (бұдан әрі – уәкілетті органның ведомствосы);

2) мемлекеттік орман орналастыру ұйымы – орман және аңшылық шаруашылығы саласындағы уәкілетті органның ведомствосы қарауындағы «Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі Орман және аңшылық шаруашылығы комитетінің «Қазақ орман орналастыру кәсіпорны» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны, оның қызметі орман ресурстарының есебін, орман қорын аумақтық орналастыруды, ормандардың мемлекеттік мониторингін, орман шаруашылығын жүргізу мен орман пайдалануды жоспарлауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 N 1102 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Орман қорын мемлекеттік есепке алуды жүргізу тәртібі

8. Есепке алу құжаттамасын жүргізу тәртібін, есепке алу көрсеткіштерінің тізбесін, тиісті құжаттардың нысандарын, есепке алу материалдарын беру мерзімдерін уәкілетті органның ведомствосы айқындайды.

9. Мемлекеттік орман қорында есепке алынуға:

1) ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлеріндегі табиғи және қолдан өсірілген ормандар (орманды және ағаш өспеген алқаптарды қоса алғанда);

2) мемлекеттік орман қоры жерлеріндегі орман шаруашылығының мұқтаждықтары үшін берілген табиғи және қолдан өсірілген ормандар, сондай-ақ орман өсімдіктері өспеген жер учаскелері;

3) халықаралық және республикалық маңызы бар ортақ пайдаланудағы темір жолдар мен автомобиль жолдарының, каналдардың, магистральдық құбырлар мен басқа да желілік құрылыстардың бөліп берілген белдеулеріндегі ені он метр және одан кеңірек, алаңы 0,05 гектардан астам қорғаныштық екпелер жатады.

10. Жеке орман қорының құрамында есепке алынуға жеке және

мемлекеттік емес заңды тұлғаларға орман өсіру үшін нысаналы мақсатпен Қазақстан Республикасы Жер кодексіне сәйкес жеке меншікке немесе ұзақ мерзімді орман пайдалануға берілген жерлерде солардың қаражаты есебінен қ ұ р ы л ғ а н :

- 1) қолдан өсірілген екпелер;
- 2) тұқымнан және (немесе) өсу жолымен пайда болған табиғи өсіп-өнген екпелер;
- 3) жекеше орман питомниктері;
- 4) арнайы мақсаттағы плантациялық екпелер;
- 5) агроорман-мелиоративтік екпелер;
- б) жеке меншіктің қарауындағы шаруашылық мақсаттағы автомобиль жолдарының бөліп берілген белдеулеріндегі қорғаныштық екпелер жатады.

11. Есепке алу деректері жыл сайын жаңартылып тұрады. Жаңарту және есепке алу құжаттарына өзгерістер енгізу орман орналастыру материалдарына сәйкес жүргізіледі, оларды жыл сайын орман иеленушілер есепке алу деректеріне мына көрсеткіштердің негізінде енгізеді:

1) шаруашылық қызметпен қамтылған немесе табиғи факторлардың салдарынан (өрттер, су тасқындары, жер сілкіністері, селдер және басқа да төтенше жағдайлар) өзгерістерге ұшыраған учаскелерді көзбен шолып к у ә л а н д ы р у а к т і л е р і ;

2) мемлекеттік органдардың жер учаскелерін орман қорының жерлері және (немесе) ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың жерлері санатына қосу; мемлекеттік орман қорының жерлерін алу; мемлекеттік орман қорын санаттарға жатқызу, бір санаттан басқасына ауыстыру, сондай-ақ ерекше қорғалатын учаскелерді бөліп алу; мемлекеттік орман қорында ормансыз жерлерді орман шаруашылығын жүргізумен және орман пайдаланумен байланысты мақсаттарда пайдалану үшін оларды орманды жерлерге ауыстыру; мемлекеттік орман қорындағы ормансыз жерлерді орманды жерлерге а у ы с т ы р у ;

мемлекеттік орман қорының жерлерін орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес мақсаттар үшін басқа санаттар жеріне ауыстыру және (немесе) мемлекеттік орман қорының жерлерін мемлекеттік қажеттіліктер үшін алу ж ө н і н д е г і ш е ш і м д е р і .

12. Есеп жүргізуді ақпарат жинаудың, өңдеудің және сақтаудың электронды жүйелерін, сондай-ақ қағазға басылған нұсқаларын пайдалана отырып мемлекеттік орман орналастыру ұйымы жүзеге асырады.

Автоматтандырылған ақпараттық есепке алу жүйелері мамандандырылған

бағдарламалық-техникалық кешендер базасында құрылады, олардың жұмыс істеу тәртібін уәкілетті органның ведомствосы айқындайды.

13. Аудандық жер қатынастары бөлімдерінде бекітілген есепке алуды жүргізу үшін қажет материалдарды есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарына уәкілетті органның ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне электронды және қағазға басылған күйінде:

1) облыстардың Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармалары мен өзге мемлекеттік органдар өздерінің қарауындағы мемлекеттік орман иеленушілер бойынша;

2) уәкілетті орган ведомствосының қарауындағы мемлекеттік орман иеленушілер;

3) жекеше орман иеленушілер береді.

14. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері берілген есепке алу материалдарын тексереді, оларды өңдейді және облыстардың жергілікті атқарушы органдарының жер қатынастары жөніндегі уәкілетті органымен келісім бойынша оларды есепті жылдан кейінгі жылдың 1 ақпанына электронды және қағазға басылған күйінде мемлекеттік орман орналастыру ұйымына жібереді.

15. Мемлекеттік орман орналастыру ұйымы есепке алу материалдарын есептік жылдан кейінгі жылдың 4 ақпанына дейін тексереді. Дәлсіздіктер байқалған және (немесе) толық көлемде берілмеген жағдайларда есепке алу материалдары пысықтауға қайтарылады. Пысықталған есепке алу материалдары есептік жылдан кейінгі жылдың 10 ақпанына дейін мемлекеттік орман орналастыру ұйымына қайта жіберіледі.

16. Мемлекеттік орман орналастыру ұйымы есепке алу деректерін аудандар, қалалар, облыстар және жалпы республика бойынша өңдеп, есепті жылдан кейінгі жылдың 20 наурызына түсіндірме жазбахатпен уәкілетті органның ведомствосына қарауға және бекітуге электронды түрде, сондай-ақ қағазға басылған нұсқада жолдайды.

17. Уәкілетті органның ведомствосы есепке алу деректерін аудандар, қалалар, облыстар және жалпы республика бойынша орман қорының жыл сайынғы және кезеңдік есептерін бекітеді.

18. Есепке алуды жүргізу республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.